

2015 жылға субсидиялар алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін және басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 124 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 шілдеде № 5759 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген, Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жагармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2015 жылға 3 шілдеден 10 шілдеге дейін субсидиялар алуға өтінімді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Т. Карбозовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 25 сәуірден бастап түндаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

Әкімдіктің
2015 жылғы 3 шілдедегі
№ 124 қаулысына қосымша

2015 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері

1	Жаздық бидай	2015 жылғы 15 мамырдан 12 маусымға дейін
2	Арпа	2015 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін
3	Сұлы	2015 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін
4	Тары	2015 жылғы 20 мамырдан 15 маусымға дейін
5	Күнбагыс	2015 жылғы 10 мамырдан 05 маусымға дейін
6	Рапс	2015 жылғы 20 мамырдан 08 маусымға дейін
7	Зығыр	2015 жылғы 12 мамырдан 05 маусымға дейін
8	Мақсары	2015 жылғы 10 мамырдан 02 маусымға дейін
9	Қыша	2015 жылғы 22 мамырдан 08 маусымға дейін
10	Картоп	2015 жылғы 05 мамырдан 10 маусымға дейін
11	Бақша дақылдары	2015 жылғы 25 сәуірден 10 маусымға дейін
12	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары есіп жатқан көп жылдық шөптер	бірінші мерзім - 2015 жылғы 01 мамырдан 10 маусымға дейін, екінші мерзім - 2015 жылғы 05 шілдеден 31 тамызға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК